

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережені бекіту жайлы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 16 маусым 1994 ж. N 638. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы" 1994 жылғы 13 сәуірдегі N 1655 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 1 6 м а у с ы м д а ғ ы
N 6 3 8 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы (Комиссия) кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау мәселелерімен шұғылданатын үйлестіруші-кеңесші орган болып табылады.

Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының нормативтік актілері мен осы Ережені басшылыққа алады.

2. Өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін Комиссия Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетіне:

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытудың негізгі бағыттарын анықтау;

Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар мен іс-шараларды жыл с а й ы н н а қ т ы л а п о т ы р у ;

кәсіпкерлік қызметті жандандырудың практикалық шараларын жүзеге асыру жөніндегі заң актілері мен үкімет шешімдерінің жобалары;

министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдар мен мекемелердің, жергілікті әкімдер мен кәсіпкерлік құрылымдардың кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруді күшейту;
кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай туғызу;

экономиканы дамытудың басым бағыттарына сәйкес кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға жұмсалатын ақша қаражатын бөлу;

кәсіпкерлік құрылымдар кадрларын даярлау және қайта даярлау, оның ішінде шет елде даярлау мен қайта даярлау жүйесін жетілдіре беру мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізіп отырады.

3 . К о м и с с и я н ы ң :

қажет болған жағдайда министрліктер мен ведомстволардың кәсіпкерлік қызмет жөніндегі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына, Президенттің актілеріне, Министрлер Кабинетінің қаулыларына қайшы келетін ведомстволық актілерінің, жергілікті әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тоқтату жөнінде ұсыныс енгізуге;

кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша заңдар мен нормативтік актілер жобаларын әзірлеу жөнінде мамандар мен ғалымдарды қатыстыра отырып, жұмыс топтарын құруға;

Комиссия құрамында Комиссия мен кіші комиссия мүшелерінен Бағдарлама бөлімдерінің және тапсырмалар мен іс-шаралар жоспарының орындалуы үшін жауапты тұрақты жұмыс істейтін жұмыс тобын жасақтауға;

Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының орындалуына талдау жасауға, Бағдарламаға қажетті өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныс енгізуге;

шет елдердегі басқару органдарымен, іскер топтармен, консультациялық фирмалармен байланыс орнатып, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру және басқару тәжірибесін зерделеу жөнінде олармен келісім жасасуға;

баспа және ақпарат қызметімен шұғылдануға құқығы бар.

4. Комиссияға Төраға басшылық етеді. Комиссия құрамына Төрағаның орынбасарлары, Комиссияның хатшысы мен мүшелері енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Экономикалық саясат бөлімі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

5. Комиссия жыл сайын өз жұмысы жөніндегі Республика Президенті мен Үкіметінің алдында есеп беріп отырады.

6. Комиссияның мәжілісі айына бір рет өткізіледі.

7. Комиссия шешімі Комиссияның тізімдегі құрамының көпшілік дауысымен қабылданады және оның мәжілістерінің хаттамаларымен ресімделеді. Хаттамаға Төраға мен хатшы қол қояды.

8. Комиссияның жұмысы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүйелі түрде кеңінен жария етіліп отырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ